
ЯСАУИТАНУ

ӘОЖ 818.992.71
К 32

Ә.КЕРІМҰЛЫ

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

ЙАСАУИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Данышпан бабамыз Йасаудің өмірі мен шыгармашылығын зерттеу *ici erteden қолға алынганы белгілі жайт. Өмірі мен хикметтері туралы қысқаша түрде айтылған мағлұматтар Ә.Науан еңбектеріндеге де кездеседі. Бірақ өкінішке орай, ондай құнды деректердің бәрі бірдей бізге жеткен жоқ. Оның бірнеше себептері бар. Соның бірі – Кеңестік әмбебаптың солақай саясаттың салдары екені көпшілікке мәлім.*

Соңғы 15-20 жыл көлемінде Йасауи хикметтері Ташкентте, Қазанда, Туркіменстанда жеке кітап болып басылып, зерттеу жұмыстары да жүргізіліп келеді.

Біздең Йасаутану 1990 жылдардан бері қарай жаңдана бастады. Үлкендер-кішілі зерттеу жұмыстары жасауды. Ол жұмыстар, негізінен, Йасаудің өмірбаяны, діни қызметі, діни-идеологиялық жолы туралы болып келеді. Мақалада осы еңбектерге қысқаша шолу жасалды.

Кілт сөздер: Дін, ислам діні, тариқат, хикмет, сопылық, түпнұсқа, көшірме.

Ұлы ойпыл, данышпан ақын Қожа Ахмет Йасауи бабамыздың діни уағыз, ғибрат өлеңдер жинағы «Диуани Хикмет» деп аталады (Еңбек қазақ тіліне «Данаңық кітабы», «Данаңық сөздер», «Ақыл кітабы», «Данышшандық жинағы», «Парасат жинағы» деп әр түрлі аталып жүр). Бұлай аталуы 16-ғасырдан беріде ғана екен. Әуелде «Құдай жолының әдебі» деп аталышты [1, 10].

Қ.А.Йасаудің өміріне, қызметіне қатысты деректер мен ауызша жеткен мәліметтер, аңыздар көп. «Осындағы қат-қабат мәліметтер арасынан ақиқатын табудың өзі қиын», – дейді белгілі йасаутанушы Намық Кемал Зейбек [2, 82].

Қ.А.Йасауи Оңтүстік Қазақстандағы Сайрам (Исфиджаб) қаласында дүниеге келді. Сайрам қаласы өте ертеден аса маңызды ислам орталығы болатын.

«Қ.А.Йасауи – шыққан тегі жағынан түрік. Әкесі Исфиджабта атақ-даңққа бөлениген әулие Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибрахим екендігі белгілі. Анасы – Мұса шейхтің қызы Айшат (қазақтар Қарашаш ана дейді). Мұса шейх та Исфиджабта әулиелік кереметімен танылған адам болған. Тарихи деректерде Ибрахим шейхтің Ахмет және Гайнар атты екі перзенті болғандығы туралы мәліметтер басым» [3, 425].

Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

Қ.А.Йасаудің туылған жылы белгісіз. Көшілік зерттеушілер 1166-1667 жылдары қайтыс болған деген болжам айтады. Бір аңыз бойынша жуз жиырма, басқа бір аңыз бойынша жуз отыз үш. Яссыда тараап жүрген аңыз бойынша жуз жиырма бес жыл өмір сүрген [4, 53]. Қ.А.Йасауи кесенесінің оңтүстік батыс жағында жуз, жуз елу метрдей жерде өзінің көзі тірі кезінде жер астынан салынған үлкен бөлме бар. Бөлменің терезесі жоқ. Бұл бөлменің кейбір еңбектерде «діншілдердің қырық құндік ораза ұстауына және құдайға құлшылық етуіне арналған жер асты мінажатханасы», – деп атаса [3, 430], енді бірінде «қылуетхана» деп атайды [5, 83]. Қылуетханада бір адам ғана сиятын кішкене бөлме бар. Құні бүгінге дейін сақталған. Оған баспалдақпен түседі. Ә.Дербісөлиевтің көрсетуінше, бөлменің кеңдігі 2x2, биіктігі бір жарым метрдей. Бөлменің екі қабыргасына шам қоятын текшелер де істелген [6, 156].

Қ.А.Йасауи Мұхаммед пайғамбардың (ғалейни-с-салам) сұндеттерін парыз деп біліш, ол сұндеттерді өмір бойы мұлтіксіз орындағ өткен ғұлама. Жасы 63-ке толып, пайғамбар жасына жеткеннен кейін, жарық дүниені тәрк етіп, қылуетханаға түсіп кетеді. 1897 жылы Істамбулда басылған нұсқаның 22-хикметінде мынадай шумақ бар:

Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім,
Алшыс үште сұндет деді, естіп білдім.

Жер астында [бар] жаңыммен құлдық қылдым,
Естіп, үғып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.

«Диуани Хикметте» «сол себептен алшыс үште кірдім жерге» деген елең жолдары бірнеше рет кездеседі. Осы деректерге сүйенген кейбір зерттеушілер оның 63 жастан кейін жер астына түскен кезін өлгенте санайды.

Қазақстандық йасауитанушы Мұхамедрахым Жармұхамедұлы «1166-67 жылдар ақынның қайтыс болған жылы емес, жер астына түскен 63 жасы болса керек. Жер бетінде қашпа жыл жасаса, жер астында соңша жыл жасады. Ұлы ақын 1103 жылы туыш, 1228 жылы қайтыс болады. Хикметінде айтылғандай, 125 жыл өмір сүрді» деп, оған дәлел ретінде «Хикметтең» мына жолдарды көлтіреді:

Ерәнлөрдан фаяз уа футух алалмадым,
Йұз үйірмә бешкә кірдім білалмадым.
Хақ тағала тағаттарын қылалмадым,
Естіп, үғып жерге кірді Құл Қожа Ахмет [7, 10].

Аудармасы:

Ерендерден шабыт шен сыр ала алмадым,
Жуз жиырма бес жасқа келдім, біле алмадым.
Хақ тағала тағаттарын қыла алмадым,
Естіп, үғып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.

Тарихпры Зікірия Жандарбек «Насаб-нама» шежіресіндегі дерекке сүйене отырып: «Қожа Ахмет Йасауи ұзақ ғұмыр кепіш, 1080 жылдар шамасында дүниеге келіп, 1200 жылдар шамасында қайтыс болған болу керек», – дейді [8, 141].

Соңғы екі болжам бір-бірінен онша алыс кетпейді. Қалай болғанда да Йасауи бабамыздың ұзақ өмір сүріш, келер ұрпаққа мол мұра қалдырыш кеткені аян.

Қ.А.Йасаудің неше хикмет жазғаны да белгісіз. Бір хикметінде 4400 екені айтылған:

Құл Ҳожа Ахмад һәр бір сөзің дәрдгә дәрман,
Талибларга байан қылсам қалмас арман.
Төрт мың төрт йүз хикметтің айдым Ҳақтын фарман,
Фарман болса өлгүнчө сөзләсем мен.

(Қазан, 1896, 209-б.)

Аудармасы:

Құл Қожа Ахмет әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәлштерге байан қылсам қалмас арман.
Төрт мың төрт жүз хикметтің айдым Ҳақтан пәрмен,
Пәрмен болса өлгөнші сөйлесем мен.

Тұрік ғалымы Кемал Ераслан бұған күмән келтіреді. Шындықтан гөрі аңызға жақын. Қ.А.Йасаудің өзі емес, ізбасарларының бірі айтқан болу керек дегенді айтады. Өзбек ғалымы Ибраһим Ҳаққұлов та осы шікірді қуаттайды [9, 40].

К.Ерасланның көрсетуінше, Қ.А.Йасаудің қазіргі қолда бар қолжазба нұсқалары мен басылымдарындағы хикметтерінің саны 250-ден аспайды екен («Дивани хикметтең» сечмелер, 1983, 42-б.). Сондықтан хикметтердің саны туралы бұндай болжам айту заңды да. «Диуани Хикметтің» әзірге белгісіз қолжазбалары, тіпті түшнұсқасы да келешекте табылыш қалуы мүмкін деген үміт те жоқ емес. Ондай мүмкіндік болып жатса, хикметтердің саны толыға түсері сөзсіз. Өлеңдер жинағында:

Менің хикметімнің саны йоқдур,
Йамма талиблар оқыр имкани йоқдур, – деген жолдар бар екен [10, 129]. Бір хикметінде 99 мың хикметтің айдым деген дерек те кездеседі:

Құл Қожа Ахмад гауһар йаңлығ хикметтің айды.
Ерәнләргे қызмет қылыш назар тапты.

Тоқсан тоғызы мың хикметтің дастан қылды.

Дастан қылыш, бустан ічрә (ішінде) йүрмәк үчүн.

(Қазан, 1893, 114-хикмет)

Қ.А.Йасаудің ұстаздарының көп басында Арыстан баб тұр. Әкешшесі қайтыс болғаннан кейін Қ.А.Йасауи әпкесі Гауһар екеуі Йасы

Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

қаласына келеді. Осында Арыстан бабпен кездесіп, одан тәлім-тәрбие алады. Бұл жөніндегі «Диуани Хикметте» айтылған. Арыстан баб қайтыс болғаннан кейін Қ.А.Йасауи Бұқараға барып, білімін жалғастырады. Білімімен, өнегесімен, көрсеткен көрмектерімен сол заманғы ислам әлеміне атақ-дақы қеңінен жайылған Йусуф Хамаданиге шәкірт болады.

«Диуани хикметтің» маңызы жайында Фуад Көпргұлу: «Диуани хикмет» – ислам түркі әдебиетінің «Құтадғу білгітен» кейінгі ең ескі ескерткіші. Араб және парсы тілдерінің дәуірлеп тұрған шақтарында әдебиет, тіл үлгілерінің аз болғанына қарамастан жазылған бұл еңбектің бағасы өте жоғары. Көне әдебиетіміздің ислам дініндегі үлгілерінің ең үздігі. Диуани хикметтің үршактарға берері мол қазына, ұпсы-қыры жоқ білім көзі», деп жазды (Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar, Ankara, 1991, s. 119-120).

Қ.А. Йасауи поэзиясы сегіз ғасырга жуық уақыт ішінде түркі тайпалары арасына ауызша да, жазбаша түрде де тараң, бізге жетіш отыр. Қазан төңкерісіне дейін Ыстамбулда, Қазанда, Ташкентте бірнеше рет басылды. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, көшірмелері мен басылымдарының арасында тіл жағынан да, хикметтердің саны жағынан да айырмашылықтар бар көрінеді.

Зерттелу тарихына келетін болсақ, «Хикметтер» діни мазмұнда жазылған шығарма ретінде қаралғандықтан, Кеңес дәуірінде елімізде басылмады, соған сәйкес әдеби тұрғыдан да, тілдік мәні жағынан да зерттелмәді.

Аты куллі әлемге белгілі академик Мехмет Фуат Көпргұлу «Түрік әдебиетіндегі алғашқы мутасаввифтар (сошылар)» деген көлемді еңбек жазып, 1918 жылы Ыстамбулда бастырган екен. Бұғынға дейін бірнеше рет жарық көрді. 1993 жылы Анкарада оның 9-басылымы шықты. Еңбек еki бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі А.Йасауиге, екінші бөлімі Жұніс Әміреке арналған. Бұл еңбек кейін бірнеше рет қайта басылды. А.Йасауиге арналған бірінші бөлімі «Кожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы» деген атпен қазақ тіліне аударылып, 1999 жылы Шымкентте жарық көрді. «Бұл кітапты қазақ тіліне аударып жариялаган түрік ғалымы Кенан Коңтың қыруар еңбегін ризашылықпен атап, әріптесімізге алғысымызды білдіреміз», – дейді академик Рәбиға Сыздық. Ғалымның бұл алғысына біз де қосыламыз. Енбекте Қ.А.Ясаудің ата-тегі, балалық шағы, ұстаздары мен шәкірттері туралы көштеген мағлұматтар, азыз-әңгімелер берілген. «Дивани Хикметтің» маңызы түсіндіріліп, тілдік, әдеби мәні талданған.

Түркітің екінші бір белгілі ғалымы Кемал Ераслан «Хикметтің» Ыстамбул нұсқасын «Диуани хикметтен» таңдамалылар» деген атпен 1983 жылы Анкара қаласында басып шығарды.

Бұл еңбек те бұғынға дейін 3 рет қайта басылды. «Ахмад Яссави. Хикматлар» деген атпен 1991 жылы Ташкентте бір басылым жарық көрді. Мұны Түркияда шыққан кітап негізінде баспаға даярлаған әдебиетші ғалым

Ибраһим Хаққулов. «Девани хикмат» деген атпен 1992 жылы Таңкентте тағы бір кітап шықты. Мұны Қазан нұсқасы негізінде баспаға даярлаған Р.А.Абдушукуров. Осы жылдар ішінде «Хикметтер» көп таралыммен Түркіменстанда да басылды.

Міржақып Дулатовтың «Хазіреті Сұлтан» деп аталатын мақаласы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 16-санында жарияланған екен. Жазушы ол мақаласында Түркістан шаһары жайында мынадай мағлұмат қалдырған: «XV ғасырдың аяғына шейін Түркістанның аты Ясы екен. Кішкене ғана Ясы деген қышлаққа XII ғасырда Қожа Ахмет Ясауи хазірет Сұлтан келген соң даңқы шығып кетіпті. 1166 жылы Ясауи опат болып, одан кейін оның бейтін түркі түқымы, әсіресе қазак халқы әр уақыт зиярат етегін болыпты. Зияратқа әр жерден халық көп келетін болған соң, ол жерде сауда ашылып, кішкене қышлақ бірге-бірге зорайып, шаһарға айналды».

«Біздегі Йасауитану 1990 жылдардан бермен қарай жандана бастады», – деп жазды Р.Сыздық [11, 106]. Осы жылы қазан айында Түркістанда «Йасауи әлемі» атты халықаралық жиын – «Дөңгелек үстел» өткізілді. Оған Түркіядан, Америка Құрама Штаттарынан, Франциядан, Италиядан, Польшадан, Мәскеуден, Санкт-Петербургтен, түркі тілдес республикалардан көрнекті түркітанушы ғалымдар қатысты. Бұл жиынға Қазақстан Республикасынан белгілі ғалымдарымыз Ш.Сәтбаева, Р.Сыздықова, Р.Бердібаев, Е.Қажыбеков, М.Жармұхамедов қатысып, өз ойларын оргаға салды. Бұл ғалымдардың газет тілшісіне берген сұхбаттары «Даналықта тағзым» деген тақырыптен «Ана тілі» газетінің 1990 жылғы 41-санында жарияланды. 1996 жылы «Ясауи тағыльымы» деген жинақ Түркістан қаласында басылды. Жинаққа философтардың, археологтардың, тарихшы, әдебиетші, тілші ғалымдардың мақалалары енген. Онда Қ.А.Йасауидің философиялық ойлары, көзқарастары, тариқатының (жолының) тарихы туралы мағлұматтар берілген. Йасауи «Хикметтерінің» тілі, сөздігі, тайқазанға байланысты деректер, сондай-ақ Йасауи мен оның шәкірттері жайлы айтылған ақызы-әңгімелер де бар. «Түркістан тарихы мен мәдениеті» атты жинаққа енген бірқатар мақалалар топтамасы Қ.А.Йасауидің өміріне, туын ескен ортасына және йасауийа ілімінің шығу негіздеріне арналған. Оқырмандар жинақтан Йасауи хикметтерінің қазақ әдебиетімен байланысы, қазақ ақындарының шығармаларындағы Йасауи ықпалы, әулиелі жерлерге қатысты деректермен де таныса алады. З.Жандарбектің «Йасауи жолы және қазақ қоғамы» деп аталатын 256 беттік көлемді монографиясында йасауийа тариқатының қазақ қоғамындағы қызметі мен орны жөнінде жан-жақты сез болады [12].

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі Өкілетті Кеңестің бұрынғы төрағасы Намық Кемал Зейбектің «Йасауи жолы» (Анкара, 1998), «Қожа Ахмет Йасауи жолы және таңдамалы хикметтер» (Анкара, 2003) деп аталатын екі еңбегі қазақ тілінде жарық көрді (Аударған –

Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

философия ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетай Тұрыснбайұлы). Бұл кітаптарда түрк халықтарының басын біріктіріп, тұтастығын нығайтуға ислам дінінің, А.Йасаудің сонылық ілімінің баға жетпес қызмет еткені туралы тамаша айтылған. «А.Йасауи дүние жүзіндегі екі жұз миллионнан астам халқымыздың ортақ атасы... А.Йасауи біздің тарихымыздың өткені және болашағы. А.Йасауи жолы адамзатты адасудан құтқаратын асыл ойлардың қазынасы...», – деп жазады автор «Йасауи жолы» деп аталатын еңбегінің 8-бетінде. «Бұл кітап Йасаутанудың окулығы десе де болады», – дейді Р.Бердібай ағамыз. Десе дегендей. «Мен бұл кітапты жазған жоқын. Тек қана дайындалдым. Бақша өте үлкен... Сол бақшадан азды-көпті терген гүлдерімді сіздерге ұсынып отырмын. Бұлар – мәңгі солмайтын гүлдер. Егер бұл кітап көңлілізге қонып, ұнап жатса, сан қайтара оқуларыңызды суранамын», – дейді автор [13, 252].

Қ.А.Йасаудің «Диуани хикметі» 1993 жылы тұнғыш рет қазақ тіліне жолма-жол аударылып, «Мұраттас» орталығынан жарық көрді (Аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шағиғи). Аударма 1897 жылы (ескіше 1315 ж.) Істамбул қаласында басылған нұсқадан жасалған. Барлығы 69 хикмет, сонында мінәжат берілген. Бұл басылымның құндылығы сол: кітаптың бірінші белімінде аудармасы, екінші белімінде түшнұска берілген. Сонында сөздік және түсінік бар.

1993 жылы Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар белімінен «Хикмет Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Йасауи» деп аталатын бір қолжазба табылды. Йасаутанушы М.Жармұхамедұлы бұл қолжазбада кездескен хикметтерді де қазақ тіліне аударып, 2002 жылы «Жалын» баспасынан жеке кітап етіп шығарды. Йасаутанушылар үшін бұл екі еңбек те жақсы дерек көзі бола алады. Өйткені соңғы кітапта да қазақша аудармамен қатар түшнұска да берілген. 1893 жылы Қазан университетінде басылған «Диуани хикмет» жинағы да қазақ тіліне аударылып, 2000 жылы Тегерандарғы «Әл-Хұда» баспасынан жарық көрді. Аударғандар: Қуанышбек Қари, Фалия Қамбарбекова.

А.Йасауи хикметтерін талантты ақын Әбдірап Жәмішұлы да қазақ тіліне аударып, 1995 жылы «Өнер» баспасынан жариялаған еді. Бұдан басқа да қазақ тілінде бірнеше аудармалары бар. 1904 жылы Қазан қаласында басылған түшнұска мәтіні «Арыс» қоры баспасынан жарық көрді.

2010 жылы Түркістан қаласындағы «Тұран» баспаханасынан Қ.А.Йасаудің рухани мұрасына арналған тағы бір кітап жарық көрді [14]. Кітаптың алдында құрастырушыдан деген тақырыштан екі жарым беттік кіріспе берілген. Мұнда «Хикметтерді» аударған он төрт аудармашының есімдері аталып, еңбектері көрсетілген. «Бұл аудармалардың бәрін сөтті шыққан деуге болмайды. Себебі тәржімалардың бәрі түшнұскаға барған деуге келмейді. Ал ғылыми аударма жасағандар түшнұскаға жүгінгенімен де Йасауи шығармасының түскі діни-соғылық мазмұнын мейлінше түсінбеген

сияқты», – дейді. Десе дегендегі, кейбір аудармалар мұлде сын көтермейді. Осы саланың білікті мамандарының бірі профессор Ә.Құрышжанов сондай сәтсіз аударманың бірін сыншып, арнайы мақала да жазды [15, 24-33]. Ясауи ілімі мен мұрасын қоштеп бері үздіксіз зергітеп келе жатқан ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Д.Кенжетай «Ясауді түсіну үшін шығармаларын оку жеткіліксіз. Алдымен Ясауи кім? Оның ішкі әлемі, өскен ортасы, сенімі, ойлау жүйесі, танымы мен болмысының мәні – міне, осыларды тануға тырысуымыз керек» дей келе: «Әрбір сонылық жолындағылар өзара арнайы тіл қалыптастырыған, нәтижеде сонылық терминология пайда болды. Ясауді түсіну үшін соныша тіл білу керек», – дейді [16, 292-293]. Сонылық ілімдегі терминдік мағынаның мазмұны терең, астарлы болыш келеді. Сондықтан соны шайырлардың басым белгі «лисанул гайб» (жұмбақ тіл) аталған еken. «Хикметтердің» қазақша аудармаларындағы ақаулар суфизм терминдерінің мағыналарын дұрыс таныш-білмегендіктен болса керек. Мысалы, Қазан басылымындағы 27-хикметте «Ерәнләрдің фәйзу футух аламадым» деген өлең жолы бар. Осы тармақты бір аудармашы «жарандардан пайда, көмек ала алмадым» деп аударса, екінші аудармашы «жарандардан күш-куат ала алмадым» деп аударған. Енді бір еңбекте «Жарандардан тәлім, береке ала алмадым» деп, ал төргінші бір еңбекте «Ерендерден шабыт пен сыр ала алмадым» деп аударылыпты. Бұл кітапта аудармашыларға қойылар мынадай талаптар санамалап көрсетілген: Араб жазу емлесін білу; араб-шарсы тілдерін, сол сияқты көне түркі мен ескі түркі тілдерін білу; шығармада кеңінен қолданылатын діни тасаууфтық (сонылық) ұғымдар мен түсініктердің түшкі мағынасын толық ұғу (3-б.).

«Диуани Хикмет» жазылғаннан берінде шәкірттері тарарапынан толықтырылып, өзгеріліп отырған. Сондықтан даналық сөздердің қаншасы автордың өзіне тиесілі екендігі күні бүгінге дейін басы ашық мәселе болыш отыр. Сондықтан да, иасауитанудағы ең негізгі мәселенің бірі – «Диуани Хикметтің» канондық мәтінін жасау. Сондағана бұл саланың ары қарай дамитындығы дау тудырмайды», – деп жазады құрастырушылар (4-б.)

«Диуани Хикметтің» қолжазбалары көп. Басылымдар да барышылық.

Бұл еңбекті баспаға дайындауда 1904 жылы Қазанда басылған кітапты (5-басылым) пайдаланған. Өйткені «Диуанның» басылымдарының ішіндегі толығы да, кең тараптанды да осы басылым еken. Кітаптағы араб әрпімен жазылған мәтін осы графикада компьютермен, қайта теріліп, транскрипциясымен қоса берілген. Терілген мәтін кітап параграфының оң жағына, ал транскрипциясы осы беттің сол жағына әрбір шумақтың түсінін жазылған. Жазу тайға таңба басқандай анық, айқын. Пайдалануға өте ыңғайлыш. Мәтінді берудегі осы әдіс бізге қатты ұнады, өзгелерге де ұнау керек. Өйткені бұдан 7-8 ғасыр бұрын араб әршімен жазылған қолжазбаны оку – қынның қынны болса, компьютермен терілген мәтін әріптегі жілке

Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

тізілген маржандай сайрап жатыр. Зерттеушілерге де, оқырмандарға да жүгіртіш оқу қиындық көлпірмейді. Тек ынта болса болғаны.

Еңбекте Қазан басылымындағы 153 хикметтің аудармасы да берілген. Бұл аударманың бұрынғы аудармалардан өзгешелігі сол: мұнда мәтіндегі барлық сөздер жолма-жол аударылмаған. Тек мәтін ішіндегі сөздер мен сөз тіркестеріндең мағыналарын талдаш, сол беттің астына беріп отырган. Сондықтан құрастыруыштар мұны аударма демей, «бүгінгі тілге жақыннатылған мағына» дейді. Мысалы:

Жаһил кіші намаз кадрін качан білур!?
hәр намазда иман башқын таза болур.
«Саләт» (намаз) десе ғафыл башын бүркеп үйүр
Ғафыл құллар умрын елге сатар ермиш.

Аудармасы:

Жахіл кісі намаз қадірін қашпан білер?
Әр намазда иман бастан таза болар.
«Саләт» десе ғашыл басын бүркеп үйықтар,
Ғашыл құлдар өмірін елге сатар екен.

Әрине, мәтіндегі барлық түркі сөздері қазіргі қазақ тіліндегі айтылуымен дәлме-дәл сәйкесе бермейді. Әйттесе де түсінікті. Ондай сөздер қазақ тіліндегі вариантында беріліп отырган тағ-тау, сарығ-сары, тірік-тірі, оғұл-ұл, ығла-жыла, тегді-тиді, татлы-тәтті, түрлүк-түрлі, гүлдек-гүлдей, ермиш-екен т.б.

Фылыми жұмыстар жүргізу үшін аударманың осы түрі тиімді сиякты. Өйткені мұнда өлең құрылсы, өлшемі, сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, ақынның стилі де өзгеріске түспей, сол қалшында сақталған.

Кітап соңында «Диуани хикметтегі» адам аттары мен жер-су аттарына да түсінік берілген. Бұл түсініктерден оқырмандар Мұхаммед (F.C.) пайғамбардың кейбір сақабаларының, сондай-ақ Құранда аттары аталағын бірнеше пайғамбарлар мен әйгілі сопылардың өмірінен қысқаша мағлұматтар ала алады. жер-су аттарының да «Хикметтерді» түсініп оқуға септің тиері сөзсіз.

«Диуанда» бірнеше жерде қасиетті Құран аяттары мен хадистер кездеседі. Кітап соңында олардың да мағыналарын аптыш, талдаш береді.

Ясауи тілінің негізі туралы әр түрлі шікірлер айтылып келеді. Атақты түркітанушы Әмір Нәжіптің шікірінше, қышшак-оғызы әдеби тілінде жазылған [17, 9].

Ә.Нәжіптің бұл шікірін Ясауи «Хикметтеріндең» тілін Самарқанд қолжазбасы бойынша жан-жақты зергтеп, монографиялық жұмыс жазған Үлттық ғылым академиясының академигі Рәбига Сыздық та қуаттайды [18, 192]. Осы іргелі еңбегіндеғалым Самарқанд қолжазбасының факсимиесін (фотонұсқасын) және ол қолжазбаның ескі араб жазуынан қазіргі графикаға

жолма-жол дәл көшірілп транскрипцияланған мәтінін де берді. Автордың айтуышта, бұл ең әріден сақталған және қазіргі кезде белгілі болып отырған көптеген қолжазбалардың ішіндегі ең толығы да екен. міне, Ясауи шығармаларының ең толық қолжазбасы да, басылымы да қолымызда. Олардың әрқайсысын жеке-жеке немесе өзара салыстыра зерттеуге де мүмкіндік туыш отыр.

«Хикметтердің тілі жеңіл, стилі көркем», – дейді Ә.Нәжіп [17, 9]. Шынында, «Хикметтердің» басым көшпілігі жеңіл, қарапайым тілмен жазылған. Сөздіксіз-ақ түсініп оқуға болады. Бір-екі мысал келтіре кетейік:

8-хикмет

Бишект (шүбесіз) біліш бұ дүнийә,
барча халықтың өтәр-ә,
Инанмағыл малыңа бір күн қолдың кетәр-ә.

Ата-ана, қарындаш қайан (қайды)
кетті фікр қыл,
Төрт аяғлығ чубин (ағаш) ат,
бір күн саңа йетер-ә.

Дүнийә үчүн ғам үлеме, Хақдың өзгені деме,
Кіші малыны үлеме, Сират үзра тұтар-ә.
Әhlі ғайал (әйел), қарындаш, неч кім
болмайдұр йолдаш,
Мәрдана (батыл) бол ғаріб йаш,
ұмрың үелдек өтәр-ә.

Құл Қожа Ахмәд та'ет қыл,
‘умрың білмәм нечә үйл,
Әслің білсөң аб-у гел (су және тонырақ),
Йана гелге кетәр-ә.

Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын әр қырынан алып зерттеу, сөз еткен мақалалар топтамы «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының 2011 жылғы 15-санында басылды. Мақалалардың мазмұнына қарай мынадай тақырыптарға белініп берілген: Өміrbаян, ясауитану, Ясауи дәрістері, сауалнама, таным, Ясауи кесенесі, зерде, Ясауи университеті, Ясауи мұражайы, Ясауи ұстазы, театрдағы бейнеле, Ясауи журналы.

Қ.А.Ясауи мұраларын зерттеу ісімен үзбей айналысын келе жатқан Мекемтас Мырзахметұлы, Досай Кенжетаев, Сәрсенбі Дәуітұлы, Зікірия Жандарбек, Әшірбек Мұминов сынды ғалымдардың мақалалары Ясауитану айдарында берілген.

Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

Міне, сөйтіш 70 жыл бойына айтылмай, оқылмай, жазба түрде басылмай келген А.Йасауи бабамыздың асыл мұраларын игеруге, зерттеуге өз елімізде де мол мүмкіндіктер жасалыныш жатқанының куәсі болыш отырымыз.

Әмір Темір пәрменімен А.Йасауи зиратының басына орнатылған ғажайыщ, қасиетті ғимарат-кесене Түркістан қаласында. Бұл ғажайып кесене туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев былай дейді: «Кеменгер ғұламаның қабірі басына Әмір Темір тұргызыған кесене Орта Азия мен Қазакстандағы ең қастерлі мінәжат орнына айналды. Еділден Ауғанға дейінгі, Қаш тауынан Қашғарға дейінгі ұлан-гайыр кеңістіктең мұсылмандар Қожа Ахмет Ясауи қабіріне тарап етіп қайтуды дәстүр тұтты». Осы жерде академик М.Е.Массонның мына сөзін келтіре кетуді жөн көрдік: «Салынған алыш кесенеге орта Азияда қай жағынан болсын тең келетін күрүліс жоқ. Ол – қайталанбас бітімді дара ғимарат» [19, 3]. 1991 жылдың 6 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен ашылған Түркістан Мемлекеттік университеті де Түркістан қаласында орналасқан. Бұл университет 1992 жылы қазан айының 31-інде Қазақстан Республикасы мен Түркия Укіметтерінің арасындағы келісім нәтижесінде Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болыш қайта күрүлді. Қазір мұнда 10 мыңға жуық студент білім алуда. Оларға «Йасауитану» деген арнайы пән етіледі. Мұның барлығы – қасиетті бабамыздың қалдырыш кеткен асыл ойлары мен маржан сөздерін жас ұрпақтың санасына сіңіру үшін істелініп жатқан иғі істер. Ұлы ойшылдың даналық сөздерін үйренуге деген жастарадың ықыласының күннен күнге артыш келе жатқаны бізді қуантады.

2003 жылғы қазан айында Қ.А.Йасауи мұрасы бүкілөлемдік деп танылып, ЮНЕСКО-ның құрамына енді. Бұл – үлкен қуаныш. Өйткені 1864 жылы шатшалық Россия әскерінің полковнигі Веревкиннің кесенені зеңбірекшеп атыш, 11 жерін зақымдағанын, тайқазанды 1935 жылы Санкт-Петербургтегі Эрмитажға алыш кеткенін және оның 1989 жылы қайтарылғанын тарихтан білеміз.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Қ.А.Йасауи. Диуани Хикмет (Даналық кітабы). Дайындағандар: Қ.Қари, Ф.Қамбарбекова, Р.Исмаилзәде. Тегеран, «Әл хұда», 2000.
2. Намық Кемал Зейбек. Қожа Ахмет Ясауи жолы және таңдамалы хикметтер. Анкара, 2003.
3. Нысанбаев Ә., Кенжетаев Д. Қожа Ахмет Ясауи // Түркістан. Халықаралық энциклопедия. Алматы, 2000.
4. Көпргұлу М.Ф. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы. Шымкент, 1999.
5. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Сочинения, т. Ү, М., 1968.
6. Дербісалиев Ә. Шыңырау бұлақтар. Алматы, 1982.
7. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Қазақшага аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Деуітұлы, М.Шағиғи. Алматы, 1993.

ТҮРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2013

8. Қожа Ахмет Яссуи және Яссуийа ілімінің дүниеге келуі // Түркістан тарихы мен мәдениеті. Түркістан, 2000.
9. А.Ясавий. Хикматлар. Ташкент, 1991.
10. Сүйіншөлиев Х. Фасырлар поэзиясы. Алматы, 1987.
11. Сыздық Р. Ясауи тілінің қыпшақтық-оғұздық негізі// «Түркология» журналы, Түркістан, 2002, № 2. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазак қоғамы. Алматы, «Елшежіре», 2006.
12. Намық Кемал Зейбек. Қожа Ахмет Йасауи жолы және таңдамалы хикметтер. Анкара, 2003.
13. Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). (Баспаға дайындағандар: ф.ғ.к. Т.Қыдыр, К.Мұстафаева). Түркістан, «Тұран» баспасы, 2010.
14. Ә.Күршіжанов. Қ.А.Йассуи шығармаларын зерттеудің кейбір мәселелері // КР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1994, № 5.
15. Қенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Алматы, 2008.
16. Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века, автореф. докт. дисс., М., 1965.
17. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің тілі», Алматы, 2004.
18. «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналы. № 15(27), тамыз, 2011 ж.

РЕЗЮМЕ

Известно, что работы по исследованию жизни и творчества Ахмеда Йасауи проводились и ранее. В трудах А Навоя встречаются краткие сведения о жизни и «Хикметах». К сожалению, все ценные сведения до нас не доходили. Этому есть несколько причин. Например, в советский период строго запрещали читать, хранить и исследовать источники, написанные арабскими шрифтами. Труды А Йасауи не дооценивались. О его «Хикметах» писали так: «По содержанию стихов Ахмеда Йасауи интереса не представляли. Представлял интерес лишь как документированный материал по истории языка».

За последние 15-20 лет «Хикметы» А Йасауи печатались в виде отдельных книг в Ташкенте, Казани, Туркменистане, а также проводились исследовательские работы.

У нас исследования «Хикметов» начались развиваться. С 1990-х годов были написаны статья, монографии. Эти работы, в основном, касались автобиографии, религиозной деятельности, религиозно-идеологическом пути Йасауи.

В данной статье приводится краткий обзор этих работ.

(Керимуллы А. Из истории исследования наследия Йасауи)

SUMMARY

It is known that the work on the study of life and creativity Ahmed Yasaui conducted earlier. The writings Navoi A found brief information about the life and "Hikme". Unfortunately, all the valuable information did not reach us . There are several reasons . For example, in the Soviet period is strictly forbidden to read, store and explore the sources written in Arabic fonts. Proceedings A.Yasaui underestimate . About his "Hikmet" wrote as follows: "The content of the verses Ahmed Yasaui representative. Representative interest not only of interest as documented material on the history of language".

Over the past 15-20 years, "Hikmat" A.Yasaui published as separate books in Tashkent, Kazan, Turkmenistan, and also conducted research.

We study "Hikmet" began to develop. Since the 1990s, were written articles and monographs. These works, mainly related to autobiography, religious activities, religious-ideological way Yasaui .

This article provides a brief overview of these works.

(Kerimuly A. History of Heritage Research Yasaui)

Керімұлы Ә. Йасауи мұрасының зерттелуі.

A.Yesevi'nin hayatı ve hikmetleri hakkında A.Nevai'nin eserlerinde de kısaca yazılır. Ama bunun gibi kaynakların birçoğu maalesef elimizde bulunmaktadır. Son 15-20 yıl içinde Yesevi hikmetleri Taşkent, Kazan ve Türkmenstanda kitabı halinde yayınlanmıştır. Kazakistan'da ise Yesevi Tanı ilmi 1990 yıldan itibaren gelişmeye başlamıştır. Yazar iş bu makalesinde sözkonusu çalışmalarını değerlendirmektedir.

(Kerimoğlu A. Yesevi mirasını araştırma tarihinden)